Мұнай өңдеу зауыттарында күкірт сутектен тауарлық күкіртті алудың ең көп тараған технологиялық процесі - Клаус процесі жүретін күкірт өндіру қондырғысында өндіреді (КӨҚ) (Golubeva et al., 2020; Gazimzyanov et al., 2020). Аталған қондырғыда күкірт өндіру процесін зерттеп, Клаус процесін оптималды жүргізіп, тиімді басқару үшін КӨҚ-да күкірт алу процесстерінің адекватты математикалық модельдерін құру қажет. Алайда КӨҚ-ның термореакторында, Клаус және салқын абсорбциялау (СА) реакторларында катализатор қатысуымен өтетін күрделі процесстердің адекватты математикалық модельдерін дәстүрлі тәсілдермен құруға қажетті деректер мен ақпараттар өндірістік жағдайда жетіспейді. Ал оларды жинау теориялық тұрғыдан мүмкін болғанымен, экономикалық тұрғыдан практикада тиімсіз, өте көп шығындарды талап етеді. Сондықтан күкірт өндіру процесстерінің адекватты, тиімді математикалық модельдерін құру үшін арнаулы, жасанды интеллект тәсілдерін, мысалы жасанды нейрондық желілер мен айқын емес емес жиындар тәсілдерін қолдану қажеттігі туындайды.

Күкірт өндіру технологиясы мен процесстерін зерттеу, математикалық модельдеу және оптимизациялау мәселелеріне арналған негізгі зерттеулерді

шолу нәтижелерін келтірейік. Каталитикалық реакциялар мен процестерді зерттегенде, зерттелетін жүйе күйлерінің өзгерістерін сипаттауға мүмкіндік беретін математикалық модельдеу тәсілдері жиі қолданылады (Hashemi et al., 2019). Дегенмен, кейбір процестер үшін химиялық технологиялық процестің барлық ерекшеліктерін ескеретін толық математикалық модельдерін дәстүрлі тәсілдермен құру өте көп еңбекті қажет ететін жұмыс болып табылады. Бұл жағдайда модельдерді құру кезінде бірқатар жеңілдетулер мен шектеулер енгізіледі, бұл өз кезегінде сандық есептеулерге қателер енгізеді және алынған нәтижелерді айтарлықтай бұрмалауы мүмкін.

(Naumova et al., 2023; Kadyrov, 2023) жұмыстарында күкірт өндіру технологиялары талданып, олардың ерекшеліктері зерттелген. Карпунин, Труфанов, Nagamalleswara және басқалары өздерінің (Karpunin, 2023; Garmroodi et al., 2019) жұмыстарында күкірт өндіру процесстерін модельдеу және оптимизациялау мәселелерін зерттеген. Бұл зерттеулерде күкірт өндіру нысандары мен процесстерін модельдеу және оптимизациялау үшін дәстүрлі тәсілдер қолданылған. Алайда практикада басқа да өндірістік нысандар сияқты күкірт өндіру қондырғылары да дәстүрлі тәсілдермен модедьдеу және оптимизациялау қажетті ақпараттардың тапшылығы, олардың айқынсыздығымен жиі сипатталады. Яғни бұл жағдайда күкірт өндіру нысандары мен процесстерін модельдеу практикалық тұрғыдан өте тиімсіз немесе мүмкін емес болады. Сондықтан мұндай ақпарат тапшылығы, айқынсыздығымен сипатталатын өндірістік нысандардың модельдерін құрып, оптимизациялау үшін анықсыздық жағдайында да тиімді болып табылатын жасанды интеллект тәсілдерін қолдану қажет болады.

Айқын емес жиындар тәсілдері негізінде жұмыстың зерттеу нысаны - Атырау мұнай өңдеу зауытының (МӨЗ) КӨҚ-ның күкірт алу процесстері жүретін негізгі агрегаттарының, ақпарат тапшылығы мен айқынсыздығы жағдайында, тиімді модельдерін құру тәсілі авторлардың жарияланған (Orazbayev et al., 2024; Orazbaev et al., 2019) жұмыстарында сипатталған.

Жасанды нейрондық желілер (ЖНЖ) моделі келесі өңдеу үшін қолданылатын өзара байланысты және жинақталатын эксперименттік деректер мен білімдер элементтерінің (жасанды нейрондар) желісі болып табылады (Xiaolong, 2020). Белгілі бір модель туралы білімді жинақтау үшін нейрондар арасындағы синаптикалық салмақтар деп аталатын байланыстар пайдаланылады. Желі кіріс ақпаратты өңдейді және уақыт өте келе оның күйін өзгерту процесінде шығыс сигналдарының жиынтығын құрайды (Aksenov et al., 2022).

Нейрондық желілерді оқытудың белгілі алгоритмі бақылаудағы оқыту әдістеріне жататын қателердің кері таралу алгоритмі (Tijanić et al., 2020), ол машиналық оқытудың ең танымал алгоритмдерінің бірі. Бұл алгоритм әдісі оның жасырын қабаттарындағы нейрондардың салмақтары үшін түзету мәндерін есептеу үшін нейрондық желінің шығыс қателігін пайдалануға

негізделген. Қателердің кері таралу алгоритмі қалыпты жұмыс кезінде сигналдардың тікелей таралуына қарама-қарсы бағытта, желі шығыстарынан оның кірістеріне қателік сигналдарының таралуын қарастырады. Бұл алгоритмнің артықшылықтарына енгізудің қарапайымдылығы және ауытқулар мен деректердің ауытқуларына төзімділігі жатады. Кері таралу алгоритмін пайдалану кезінде нейрондық желіні оқытудың мақсаты нейрондық желінің салмақтарын белгілі бір кірістер жинағын қолданған кезде нейрондық шығыстардың қажетті жиынтығын (шығыс нейрондары) алуға болатындай етіп реттеу.

Химиялық технологиялық процестерді модельдеудегі ЖНЖ артықшылығы күрделі математикалық тәуелділіктермен сипатталатын процестердің икемді модельдерін құру мүмкіндігімен анықталады. Сондай-ақ нейрондық желілер болжау айнымалылары (кірістері) мен болжанатын айнымалылар (шығыстар) арасында байланыс бар жағдайларда, тіпті бұл байланыс өте күрделі сипатта болса да, болжау және топтар арасындағы корреляция немесе айырмашылықтарды шартты түрде көрсету қиын болғанда да, басқару мәселелерін шешудің ең тиімді құралы болып табылатынын атап өту қажет. Жасанды нейрондық желі моделі негізінде күрделі сипатталатын өндірістік нысандарды оптимизациялау, тиімді басқару есебін шешу алгоритмдерін құру өзекті ғылыми-техникалық мәселе болып табылады. Сол себептен бұл жұмыс кері оқыту алгоритмін осы жұмыстың зерттеу объектісі КӨҚ негізгі агрегаттары модельдерін құрып, оқытуға қолдану мүмкіндігін қарастырылады.

Бұл ұсынылған жұмыс нейрондық желілер негізінде зерттеу нысаны реакторлары модельдерін құрып, олардың авторлардың (Orazbaev et al., 2019) зерттеуінде айқын емес жиындар теориясы негізінде құрылған КӨҚ негізгі агрегаттарының модельдерімен салыстыруға арналған.

Зерттеу мақсаты, материалдары мен тәсілдері. Зерттеу мақсаты - күкірт өндіру қондырғысында жүретін күкірт өндіру процесстерін жасанды нейрондық желілер негізінде тиімді модельдеу тәсілін әзірлеу және зерттеу нысанының негізгі агрегаттары жұмыс режимдерін компьютерлік модельдеу.

Ұсынылған жұмыста зерттеу материалдары ретінде КӨҚ-ның күкірт өндіру секциясының өзара байланысқан келесі негізгі агрегаттары:

- термореактор (TR);
-конденсаторлар (C-1, C-2);
- Клаус реакторы (RC);
-салқын абсорбциялау (RCBA-1, RCBA-2) реакторлары

жұмыс режимдерін, күйлерін сипаттайтын эксперименталдық-статистикалық деректер мен өндірілген күкірттің сапасын сипаттайтын лабораториялық, эксперттік ақпараттар қолданылады.

Зерттеу нысанының, яғни КӨҚ-ның күкірт өндіру секциясының аталған негізгі агрегаттары келтірілген схемасы 1-суретте келтірілген.



TR-термореактор; С-1, С-2 -конденсаторлар; RC-Клаус реакторы;
RCBA-1, RCBA-2 -салқын абсорбциялау реакторлары
Сурет 1 – КӨҚ-ның күкірт өндіру секциясының өзара байланысқан негізгі агрегаттары

Келтірілген 1-суретте көрсетілген негізгі КӨҚ сұйық күкірт өндіру процестерін жүзеге асады. Күкірт өндіру секциясыны қышқыл газ термиялық түрлендіру процесінен TR термореакторында аралық өнім алынады. Термореактор шығысынан аралық өнім С-1, С-2 конденсаторлары арқылы каталитикалық түрлендіру процесі жүретін RC Клаус реакторына түседі. Клаус реакторы шығысынан күкірт параллель қосылған RCBA-1 және RCBA-2 реакторларына беріледі. Суық қабаттағы адсорбция процесі өтетін RCBA-1, RCBA-2 реакторларында өндірілген сапалы сұйық күкірт шұңқырына және одан күкіртті кристалдандыру және түйіршікті күкіртті алу үшін күкіртті кристалдау қондырғысына жеткізіледі.

Зерттеу материалдары ретінде бұл жұмыста сондай-ақ белгілі пассивті және белсенді эксперименттер негізінде жинақталып, математикалық статистиканың (Corazza et al., 2022; Shao et al., 2020) тәсілдерімен өңделген Атырау мұнай өңдеу зауытының (МӨЗ) КӨҚ күкірт өндіру секциясының сипатталған негізгі агрегаттарының жұмыс режимдерін параметрлері жайлы мәндері қолданылады. Зерттеуде пассивті эксперименттер ретінде КӨҚ жұмысын басқаратын тәжірибелі операторлары толтыратын режим парақтарындағы негізгі параметрлердің мәндері және мамандар қатысумен зертханада анықталған ақпараттар пайдаланылады. Сонымен қатар зерттеу материалдары ретінде Атырау МӨЗ-ның КӨҚ технологиялық регламентінің алынған ақпараттар (Tuleuov, 2023) және жасанды нейронды желілер тәсілдері мен оларды оқыту алгоритмдері (Xiaolong, 2020; Aksenov et al., 2022; Tijanić et al., 2020; Nilsson, 2019) қолданылады.

Күкірт өндіру секциясының келтірілген негізгі агрегаттарының статистикалық модельдерін құруда эксперименттік деректерді статистикалық өңдеу тәсілдері MathCad программалар пакеті негізінде пайдаланылды. Зерттеу материалдары ретінде қолданылатын күкірт өндіру секциясының негізгі агрегаттарының өлшенетін кіріс, режимдік және шығыс параметрлері мәндері өлшеу аспаптары көмегімен алынады. Ал айқынсыздықпен сипатталатын күкірттің сапа көрсеткіштері (күкірт құрамындағы күкірт, су, күл, органикалық заттар үлесі) қолданыстағы стандарт талаптарындағы айқын емес нұсқаулар мен маман-эксперттердің табиғи тілінде сипатталады.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нысанының анықсыздыққа байланысты дәстүрлі тәсілдер мен құрылуы күрделі немесе мүмкін болмағанда тиімді болатын нейрондық желі моделін жобалау немесе таңдау үшін

- нейрондардың қабаттары арасындағы байланыстардың құрылымы;

– нейрондардың түрі (белсендіру функциясы тұрғысынан);

-нейрондық желіні оқыту кезінде салмақ коэффициенттерін анықтау ережелері анықталды.

Оқыту алгоритмін пайдалану үшін деректерді нормалдау (қалыпқа келтіруді) жүзеге асырылды, яғни оқыту, тексеру деректерін бір сандық шкалаға сәйкестендірілді. Бұл жұмыста құрылатын нейрондық модельді оқыту үшін жинақталған деректер мәндерін олардың ең үлкен мәніне бөлу арқылы нормалданған. Нәтижесінде барлық деректер 0-ден 1-ге дейінгі мәндерге түрлендірілді.

Қолданылатын программалау ортасы таңдалды. Python программалау тілінде программа кодын енгізу үшін Anaconda 3 программалық ортасы алынды және келесі көмекші құралдар қолданылды:

1) Matplotlib – Python-да ғылыми графиктерді құруға арналған негізгі кітапхана: *https://matplotlib.org/*

2) NumPy – Python тіліндегі ғылыми есептеулерге арналған негізгі пакеттердің бірі. Ол көп өлшемді массивтермен жұмыс істеу функционалдығы, жоғары деңгейлі математикалық функциялардан турады: *https://numpy.org/*

3) Pandas – деректерді өңдеу мен талдауға арналған Python кітапханасы: *https://pandas.pydata.org/*

4) Scikit-learn – машиналық оқытуға арналған ең танымал Python кітапханасы: https://scikit-learn.org/

5) SciPy – Python тіліндегі ғылыми есептеулерге арналған функциялар жиынтығы: https://www.scipy.org/

6) TensorFlow – нейрондық желіні құру және оқыту мәселелерін шешу үшін машиналық оқытуға арналған ашық программалық кітапхана: https://www.tensorflow.org/

7) Keras – Python-дағы ашық нейрондық желі кітапханасы TensorFlow қосымшасы болып табылады: https://keras.io

Осылардың негізінде күкірт өндіру процесінде өндірілетін күкірт көлеміне кіріс және жұмыс параметрлерінің әсерін зерттеу кезінде бұл жұмыста жасанды нейрондық желілерге негізделген модель құрылып, пайдаланылды (Shaimukhametov et al., 2019). ЖНЖ оқыту үшін қателерді кері тарату алгоритмі және итеративті градиентті оқыту алгоритмі қолданылады, ол тізбекті қосылымдары бар көпқабатты нейрондық желілердің қажетті шығыстарынан ағымдағы орташа квадраттық ауытқуын минимизациялау үшін қолданылады (Protalinsky, et al. 2021). Бұл көпқабатты перцептронның жұмыс қатесін азайту және қажетті нәтижені алу үшін қолданылатын итеративті градиент алгоритмі болып табылады.

Қателердің кері таралуы желілерінде кірістер $\sigma_1, \sigma_2, \dots, \sigma_n$ сырттан немесе алдыңғы қабаттан келеді. Әр $\sigma_1, \sigma_2, \dots, \sigma_n$ кіріс өздерінің салмағына көбейтіліп, олардың нәтижелері қосылады:

$$NET = \sigma_1 w_1 + \sigma_2 w_2 + \dots + \sigma_n w_n, \quad (1)$$

мұнда NET – желідегі әрбір нейрон үшін есептелетін сома; $\sigma_1, \sigma_2, \dots, \sigma_n$ – желідегі нейрондардың кірістері; $w_1, w_2, \dots, w_n$ – желідегі әр нейронның өзгермелі салмақ коэффициенті; F – белсендіру функциясы; OUT – нейрондық желінің шығыс сигналы.

Кері таралу алгоритмдері үшін келесі белсендіру функциясы қолданылған:

$$OUT = \frac{1}{1 + e^{-NET}}. \quad (2)$$

(2) формула сигмоидальды белсендіру функциясын сипаттайды. Ол OUT мәні нөл мен бір арасында болатындай ауқымды азайтады. Бұл функция барлық жерде дифференциалдануы керек болғандықтан жұмыста қолданылған қателерді кері тарату алгоритмі үшін сигмоидальды белсендіру функциясы ең қолайлы болып саналады.

2-суреттте келтірілген бір-бірімен байланысқан нейрондар бірнеше қабаттарға біріктірілген иерархиялық нейрондық желі, көпқабатты персептрон құрылымын қарастырайық.



Сурет 2 – Иерархиялық көпқабатты нейрондық желі құрылымы

Көпқабатты персептрон нейрондардың бірнеше тізбектей қосылған қабаттарынан тұратын желі болып табылады. Көпқабатты персептронды

оқытудың мақсаты оның салмақтарын белгілі бір кірістер жиынын қолдану қажетті нәтижелер жиынтығына әкелетіндей реттеу болып табылады.

Бұл жұмыста қателерді кері тарату алгоритмін қолдана отырып, желінің барлық деңгейлері үшін көпдеңгейлі нейрондық желіні оқытудың екі тәсілдемесі: қателерді тура және артқа тарату ұсынылып, қолданылған. Тура өтуде кіріс векторы нейрондық желінің кіріс деңгейіне беріледі, содан кейін ол желі арқылы қабаттан қабатқа бөлінеді. Процесс желінің кіріс образына нақты реакциясы болып табылатын шығыс сигналдарының жиынтығын шығарады. Тура өту кезінде желінің барлық синаптикалық салмақтары бекітіледі, ал кері өту кезінде қатені түзету ережесі бойынша барлық синаптикалық салмақтар реттеледі. Желінің нақты шығысы қажетті мәнінен ауытқиды, нәтижесінде қателік сигналы пайда болады. Содан кейін бұл сигнал желі арқылы синаптикалық байланыстардың бағытына қарама-қарсы бағытта таралады.

Математикалық модельдер жүйесін құрудың жоғарыда келтірілген нәтижелері негізінде, Python тілінде жасанды нейрондық желіні оқытамыз. Төменде 3-суретте нейрондық желіні оқыту алгоритмінің схемасы берілген.



Сурет 3 – Жасанды нейрондық желінің қолданылған оқыту алгоритмінің схемасы

Айқын емес жиындар тәсілдерін қолдану нәтижесінде алынған мәліметтерді (Orazbayev et al., 2019) пайдалана отырып, Python тілінде қателердің кері таралуы алгоритмі программалық жүзеге асырылды. Нейрондық желі кірістерін алдын ала өңдеудің кең таралған түрлерінің бірі деректерді қалыпқа келтіру болып табылады. Деректерді нормалдау баған элементтерін деректердің максималды мәніне бөлу арқылы жүзеге асырылды.

Төменде дайындалдған Python тілінде жазылған программа коды келтірілген.

```
Import numpy as np
from numpy import *
import matplotlib.pyplot as plt
layer_0 = np.array([[0.9464],
        [0.9554],
         [0.714286],
  [0.928571]])
layer_t_0 = layer_0.transpose()
i1 = 0.9464
i2 = 0.9554
i3 = 0.714286
weights_0_1 = np.array([[0.2, 0.2, 0.3, 0.4],
[0.5, 0.2, 0.3, 0.2],
        [0.3, 0.8, 0.3, 0.3],
         [0.2, 0.2, 0.4, 0.2],
         [0.5, 0.3, 0.2, 0.3]])
weights_1_2 = np.array([[0.3, 0.3, 0.2, 0.2, 0.5],
        [0.2, 0.3, 0.6, 0.3, 0.4],
          [0.4, 0.4, 0.2, 0.3, 0.3],
          [0.4, 0.6, 0.6, 0.7, 0.7],
          [0.2, 0.2, 0.3, 0.3, 0.5]])
weights_2_3 = np.array([0.2, 0.2, 0.2, 0.3, 0.3])
alpha = 0.2
goal = np.array([0.821875])
x = 0
for x in range(0,200):
layer_1 = weights_0_1.dot(layer_0)
   i = 0
   for element in layer_1:
   layer_1[i] = 1 / (1 + np.exp(-element))
      i += 1
   sigmoid_layer_1 = layer_1
   layer_t_1 = sigmoid_layer_1.transpose()
   deriv_sigmoid_layer_1 = sigmoid_layer_1 * (1 - sigmoid_layer_1)
```

```
    layer_2 = weights_1_2.dot(sigmoid_layer_1)
      j = 0
       for element in layer_2:
          layer_2[j] = 1 / (1 + np.exp(-element))
          j += 1
       sigmoid_layer_2 = layer_2
       layer_t_2 = sigmoid_layer_2.transpose()
       deriv_sigmoid_layer_2 = sigmoid_layer_2 * (1 - sigmoid_layer_2
       sum_output = weights_2_3.dot(sigmoid_layer_2)
       sigmoid_layer_3 = 1 / (1 + np.exp(-sum_output))
       output = sigmoid_layer_3
       print(output)
    deriv_sigmoid_layer_3 = sigmoid_layer_3 * (1 - sigmoid_layer_3)
    error = (output - goal) ** 2
    error_layer_2 = error * weights_2_3
    error_layer_t_2 = error_layer_2.transpose()
    error_layer_1 = error_layer_2.dot(weights_1_2)
       error_layer_t_1 = error_layer_1.transpose()
    w1 = weights_0_1[0] + error_layer_t_1[0] * deriv_sigmoid_layer_1[0] *
layer_t_0 * alpha
    w2 = weights_0_1[1] + error_layer_t_1[1] * deriv_sigmoid_layer_1[1] *
layer_t_0 * alpha
    w3 = weights_0_1[2] + error_layer_t_1[2] * deriv_sigmoid_layer_1[2] *
layer_t_0 * alpha
    w4 = weights_0_1[3] + error_layer_t_1[3] * deriv_sigmoid_layer_1[3] *
layer_t_0 * alpha
    w5 = weights_0_1[4] + error_layer_t_1[4] * deriv_sigmoid_layer_1[4] *
layer_t_0 * alpha
    weights_0_1 = vstack([w1, w2, w3, w4, w5])
    m1 = weights_1_2[0] + error_layer_t_2[0] * deriv_sigmoid_layer_2[0] *
layer_t_1 * alpha
    m2 = weights_1_2[1] + error_layer_t_2[1] * deriv_sigmoid_layer_2[1] *
layer_t_1 * alpha
    m3 = weights_1_2[2] + error_layer_t_2[2] * deriv_sigmoid_layer_2[2] *
layer_t_1 * alpha
    m4 = weights_1_2[3] + error_layer_t_2[3] * deriv_sigmoid_layer_2[3] *
layer_t_1 * alpha
    m5 = weights_1_2[4] + error_layer_t_2[4] * deriv_sigmoid_layer_2[4] *
layer_t_1 * alpha
    weights_1_2 = vstack([m1, m2, m3, m4, m5])
    weights_2_3 = weights_2_3 + error * deriv_sigmoid_layer_3 * layer_t_2 *
alpha
```

```
import numpy as np
import matplotlib.pyplot as plt
from matplotlib import *
import pandas as pd
fig = plt.figure()
x = np.arange(1, 501)
y = np.array([…] )
ax = plt.gca()
plt.plot(x, y)
ax.set_xlabel("Epochs")
ax.set_ylabel("Output values")
plt.savefig('1.png', transparent=True)
fig = plt.figure()
x = np.arange(1, 201)
y = np.array([…])
ax = plt.gca()
plt.plot(x, y)
ax.set_xlabel("Epochs")
ax.set_ylabel("Errors")
plt.savefig('2.png', transparent=True)
```

Нәтижелерді талқылау. Күкірт өндіру процесінің моделін синтездеуде жасанды нейрондық желінің құру процесінің 3-суретте келтірілген оқыту алгоритмі негізінде келесі негізгі кезеңдерін келтіруге болады:

1. Оқыту жиынынан келесі оқыту жұбын таңдау; кіріс векторын нейрондық желі кірісіне беру;

2. Нейрондық желінің шығысын есептеп, анықтау;

3. Нейрондық желі шығысы мен қажетті шығыс арасындағы айырмашылықты, яғни қатені есептеу;

4. Қатені минимизациялау үшін нейрондық желі салмағын коррекциялау;

5. Минимизацияланған қате қажетті деңгейден төмен бе? шартын тексеру.

6. Егер минимизацияланған қате қажетті деңгейден төмен болмаса, бүкіл жиынтықтағы қате қажетті минималды деңгейге жеткенше оқыту жиынының әрбір векторы үшін 1–4 қадамдарды қайталау. Ал қажетті деңгейден төмен болса, онда нейрондық желі оқытылған борлып, есептеліп, КӨҚ процесін модельдеуге ұсынылады.

Программалық кодты орындау нәтижелері 4а), 4б) суреттерде келтірілген көрсетілген.



Сурет 4а – Дәуір (эпоха) санына байланысты шығыс мәндерінің графигі



Сурет 4б – Дәуір санына байланысты қателер мәндерінің графигі

Бұл суреттерде келтірілген графиктерді талқылау арқылы желінің шығыс мәндері дәуір санының артуына байланысты артатынын, ал қателер – керісінше дәуір саны артқан сайын төмендейтінін анықталған. Яғни дәуір саны артқан сайын, нәтижелер жақсара түседі. Алайда тым көп дәуір саны есептеу қиындығын және уақытын арттыруы мүмкін. Сондықтан практикада нейрондық желінің қажетті шығысы мен керекті минималды қатеге қол жеткізетін дәуірлер саны анықталып, қабылданады.

Қорытынды. Зерттеуде күкірт өндіру процесстерін жасанды нейрондық желілер негізінде тиімді модельдеу тәсілін әзірлеу және қолдану нәтижелері келтірілген. Көпқабатты жасанды нейрондық желінің қажетті құрылымын мен параметрлерін анықтау және оны қателердің кері таралуы алгоритмі негізінде оқыту нәтижесінде күкірт өндіру процесінің тиімді моделі алынған.

Жұмыстың зерттеу мақсатына қол жеткізілді, яғни күкірт өндіру процесстерін жасанды нейрондық желілер негізінде тиімді модельдеу тәсілі әзірленіп, зерттеу нысаны – Атырау МӨЗ күкірт өндіру қондырғысының негізгі агрегаттары жұмыс режимдерін компьютерлік модельдеу жүзеге асырылған.

Қойылған мақсатты жүзе асыру барысында келесі зерттеу міндеттері орындалып, төмендегі негізгі нәтижелер алынды:

- зерттеу нысанын ақпарат тапшылығы мен белгісіздігі жағдайында тиімді модельдеу үшін иерархиялық көпқабатты нейрондық желі құрылымы негізделіп, алынған;

- алынған нейрондық желіні программалық жүзеге асыру үшін қолданылатын программалау тілі, ортасы және құралдары таңдалған;

-жасанды нейрондық желіні оқыту тәсілі ретінде қателердің кері таралуы алгоритмі модификациясы негізделіп, оқыту алгоритмінің блок-схемасы келтірілген және оның негізгі кезеңдері сипатталған;

-авторлардың айқын емес жиындар тәсілдерін қолдану нәтижесінде алынған мәліметтерді пайдалана отырып, Python тілінде модификацияланған қателердің кері таралуы алгоритмі: итеративті градиент алгоритмі

программалық жүзеге асырылған. Дәуір санына байланысты шығыс мәндерінің және қателер мәндерінің графиктері тұрғызылған.

Тұрғызылған графиктерді талдау нәтижесінде, жасанды нейрондық желілер мен айқын емес жиындар тәсілдері қолдану арқылы арқылы алынған нәтижелері бір біріне сәйкес келеді деген қорытындыға келуге болады. Зерттеулер көрсеткендей, нейрондық желіні оқудағы қателіктер ең аз және шығыс мәні оның мақсатты мәніне мүмкіндігінше жақын. Айқын емес жиындар және жасанды нейрондық желі тәсілдері нәтижелері бойынша екі тәсіл ұқсас нәтиже береді, яғни, шығарылатын нәтижелер, күкірт көлемі сәйкес және олардың өндірісте тәжірибелік жолмен алынған нақты мәндерімен сәйкес келеді деп қорытында жасауға болады.

Әдебиеттер

Аксенов С.В., Новосельцев В.Б. (2022) Организация и использование нейронных сетей (методы и технологии). — Томск: Изд-во ТНУ. — 128 с.

Corazza M., Perna C., Pizzi C., Sibillo M. (2022) Mathematical and Statistical Methods for Actuarial Sciences and Finance. Springer International Publishing/-307 p. https://doi.org/10.1007/978-3-030-99638-3

Edmonson N. (2020) Industrial sulfur demand: Analysis and prospect. Nat Resour Res. 2. — Vol. 3. — P. 205–215 https://doi.org/10.1007/BF02259046

Garmroodi A., Shahsavand A., Mirzaei Sh. (2019) Maximization of sulfur recovery efficiency via coupled modification of GTU and SRU processes.Egyptian Journal of Petroleum. — Vol. 26. — P. 579–592.

Gazimzyanov N.R., Platonov O.I. (2020) Efficiency of a Claus furnace in the coke-oven gas desulphurization circuit of MMK. Coke Chem. — Vol. 60. — P. 199–202. https://doi.org/10.3103/S1068364X17050039

Голубева И.А., Хайруллина Г.Р., Старынин А.Ю., Каратун О.Н. (2020) Анализ производства серы методом Клауса на предприятиях нефтегазового комплекса. Химия нефти и газа. — № 3. — С. 10-18.

Hashemi M., Pourfayaz F., Mehrpooya M. (2019) Energy, exergy, exergoeconomic and sensitivity analyses of modified Claus process in a gas refinery sulfur recovery unit. J. Cleaner Prod. — Vol. 220. No 5. — P. 1071-1085.

Kadyrov S.R. (2023) Review article Investigation and comparison of technologies and methods of sulfur recovery and production processes. Bulletin of the oil and gas industry of Kazakhstan. — Vol. 5. — P. 91–98. https://doi.org/10.54859/kjogi108613

Karpunin I.I. (2023) Modeling and optimization of technological processes applied to packaging production. — Minsk: BNTU. — 124 p.

Кузнецов А.Г., Тулеуов Ж.Н. (2021) Обзор рынка серы и серной кислоты в Казахстане. Исследовательская группа «ИНФОМАЙН». Москва: Нефть и газ. — 108 с.

Naumova V.V., Ermolaeva V.A. Analysis of sulfur production technology using a catalytic reactor. International Journal of Applied Sciences and Technologies “Integral” 2023. — No. 2. — P. 289-299.

Nilsson N. (2019) Introduction to Machine Learning. Unpublished draft. Stanford University. — P.39-68.

Orazbayev B., Zhumadillayeva A., Orazbayeva K., Kurbangalieva N. (2024) Impact of key technological parameters on sulfur production processes. IEEE 13th international conference on Renewable energy research and application — ICRERA 2024. Nagasaki, Japan. 9-13 November. — P. 1-7.

Orazbayev B., Orazbaeva K.N., Utenova B.U., Tuleuov Zh.N. (2019) Models of the sulfur production process based on fuzzy information. Bulletin of KazNITU. — No. 2 (132). — P. 196-202.

Protalinsky O.M., Shcherbatov I.A., Belyaev I.O. (2021) Hybrid method of training neural

networks for classifying the catalytic stage of the Claus process. Theoretical Foundations of Chemical Technology. — Vol. 58, No. 3. — P. 38-43.

Shaimukhametov D.R., Mustafina S.A., Shaimukhametova D.V. (2019) Creation of an artificial neural network for determining the optimal temperature regime for a chemical process. Bulletin of the Bashkir University. — Vol. 24, No. 3. — P. 551-558.

Shao J. (2020) Mathematical Statistics. Springer Texts in Statistics. — 575 p. https://doi.org/10.1007/b97553

Tijanić K., Car-Pušić D., Šperac M. (2020) Cost estimation in road construction using artificial neural network. Neural Comput & Applic. — Vol. 32. — P. https://doi.org/10.1007/s00521-019-04443-y

Тулеуов Ж.Н. (2023) Технологический регламент установки производства серы Атырауского нефтеперерабатывающего завода. Атырау. Издательство Атырауского университета нефти и газа. — 178 с.

Xiaolong Hu. (2020) Global Finite-time Stability for Fractional-order Neural Networks. Opt. Mem. NeuralNetworks. —Vol. 29. — P.77–99. https://doi.org/10.3103/S1060992X20020046

References

Aksenov S.V., Novosel'tsev V.B. (2022) Organizatsiya i ispol'zovaniye neyronnykh setey (metody i tekhnologii) [Organization and use of neural networks (methods and technologies)]. - Tomsk: NTU Publishing House. — 128 p. (In Russian)

Corazza M., Perna C., Pizzi C., Sibillo M. (2022) Mathematical and Statistical Methods for Actuarial Sciences and Finance. Springer International Publishing/-307 p. https://doi.org/10.1007/978-3-030-99638-3 (in English)

Edmonson N. (2020) Industrial sulfur demand: Analysis and prospect. Nat Resour Res. 2. — Vol. 3. — P. 205–215 https://doi.org/10.1007/BF02259046 (in English)

Garmroodi A., Shahsavand A., Mirzaei Sh. (2019) Maximization of sulfur recovery efficiency via coupled modification of GTU and SRU processes.Egyptian Journal of Petroleum. — Vol. 26. — P. 579–592. (in English)

Gazimzyanov N.R., Platonov O.I. (2020) Efficiency of a Claus furnace in the coke-oven gas desulphurization circuit of MMK. Coke Chem. — Vol. 60. — P. 199–202. https://doi.org/10.3103/S1068364X17050039 (in English)

Golubeva I.A., Khayrullina G.R., Starynin A.YU., Karatun O.N. (2020) Analiz proizvodstva sery metodom Klausa na predpriyatiyakh neftegazovogo kompleksa [Analysis of sulfur production by the Claus method at oil and gas enterprises]. Oil and Gas Chemistry. 2020. No. 3. — P 10–18. (In Russian)

Hashemi M., Pourfayaz F., Mehrpooya M. (2019) Energy, exergy, exergoeconomic and sensitivity analyses of modified Claus process in a gas refinery sulfur recovery unit. J. Cleaner Prod. — Vol. 220. No 5. — P. 1071-1085. (in English)

Kadyrov S.R. (2023) Review article Investigation and comparison of technologies and methods of sulfur recovery and production processes. Bulletin of the oil and gas industry of Kazakhstan. — Vol. 5. — P. 91–98. https://doi.org/10.54859/kjogi108613 (in English)

Karpunin I.I. (2023) Modeling and optimization of technological processes applied to packaging production. — Minsk: BNTU. — 124 p. (in English)

Kuznetsov A.G., Tuleuov Zh.N. (2021) Obzor rynka sery i sernoy kisloty v Kazakhstane [Review of the sulfur and sulfuric acid market in Kazakhstan]. INFOMINE Research Group. Moscow, Oil and Gas. — 108 p. (In Russian)

Naumova V.V., Ermolaeva V.A. Analysis of sulfur production technology using a catalytic reactor. International Journal of Applied Sciences and Technologies "Integral" 2023. — No. 2. — P. 289-299. (in English)

Nilsson N. (2019) Introduction to Machine Learning. Unpublished draft. Stanford University. — P. 39-68. (in English)

Orazbayev B., Zhumadillayeva A., Orazbayeva K., Kurbangalieva N. (2024) Impact of key

technological parameters on sulfur production processes. IEEE 13th international conference on Renewable energy research and application — ICRERA 2024. Nagasaki, Japan. 9-13 November. — P. 1-7 (in English)

Orazbayev B., Orazbaeva K.N., Utenova B.U., Tuleuov Zh.N. (2019) Models of the sulfur production process based on fuzzy information. Bulletin of KazNITU. — No. 2 (132). — P. 196-202. (in English)

Protalinsky O.M., Shcherbatov I.A., Belyaev I.O. (2021) Hybrid method of training neural networks for classifying the catalytic stage of the Claus process. Theoretical Foundations of Chemical Technology. — Vol. 58, No. 3. — P. 38-43. (in English)

Shaimukhametov D.R., Mustafina S.A., Shaimukhametova D.V. (2019) Creation of an artificial neural network for determining the optimal temperature regime for a chemical process. Bulletin of the Bashkir University. — Vol. 24, No. 3. — P. 551-558. (in English)

Shao J. (2020) Mathematical Statistics. Springer Texts in Statistics. — 575 p. https://doi.org/10.1007/b97553 (in English)

Tijanić K., Car-Pušić D., Šperac M. (2020) Cost estimation in road construction using artificial neural network. Neural Comput & Applic. — Vol. 32. — P. https://doi.org/10.1007/s00521-019-04443-y (in English)

Tuleuov Zh.N. (2023) Tekhnologicheskiy reglament ustanovki proizvodstva sery Atyrauskogo neftepererabatyvayushchego zavoda. [Technological regulations of the sulfur production unit of the Atyrau oil refinery]. Atyrau. Publishing house of the Atyrau University of Oil and Gas. — 178 p. (In Russian)

Xiaolong Hu. (2020) Global Finite-time Stability for Fractional-order Neural Networks. Opt. Mem. NeuralNetworks. —Vol. 29. — P. 77–99. https://doi.org/10.3103/S1060992X20020046 (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:
www:nauka-nanrk.kz
http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive
ISSN2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*
Верстка на компьютере: *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 22.12.2025.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная.
Печать –ризограф. 20,0 п.л. Заказ 4.

«Central Asian Academic Research Center» LLP
Алматы, Қонаев к-сі, 142